

Балқаштық майдангерлер: Василий Васильевич Зарывайко

1941 жылдың 22-маусымын 22 жастағы коммунист Василий Васильевич Зарывайко Харьков қаласында қарсы алды. Ол көптеген құрдастары сияқты Қызыл Армия қатарына шақырылып, жеке пулеметтік-артиллеријалық батальонға жіберіледі. Соғыстың бастапқы кезіндегі ауыр женілістерді бастаң кешті. Сталинград түбіндегі шайқаста ауыр жаракат алып, 3 ай госпитальда емделіп, қайта жауынгерлік қатарға қосылады. Взвод, рота командирі ретінде көптеген шайқастарға қатысып, Польша арқылы Европа жерін азат етуге қатысқан ол соғысты Берлинде майор шенінде аяқтайды. Соғыстан кейін б жыл Германиядағы Кенес әскері қатарында қызмет етіп, неміс жеріндегі заводтарды қалпына келтіру ісіне атсалысады, заводтың бастығы да болып жұмыс істейді. «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Жауынгерлік қызметі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» медалдарымен және басқа да жалпы саны 14 маралаттарға ие болды.



В.В.Зарывайко

